

## Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қарашадағы № 312 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 16/184-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 қантарда № 5384 болып тіркелді

Р К А О - ның ескертпесі.

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 3, 8, және 11-баптарына сәйкес, "Жарма ауданының елді мекендерін тарату жөніндегі ұсыныс енгізу туралы" Жарма аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 14/127-VI шешімі мен Жарма ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 253 қаулысының негізінде, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) келесі елді мекендер таратылсын және есепті деректерден шығарылсын және басқа қоныстар санатына жатқызылсын:

Ақжал ауылдық округінің Беке ауылы;

Үшбиік ауылдық округінің Енрекей ауылы;

Белтерек ауылдық округінің Карапшы ауылы;

2) таратылатын ауылдардың аумақтары:

Ақжал ауылдық округінің Беке қонысы шекаралары өзгертиле отырып, Ақжал ауылдық округінің Ақжал ауылының құрамына;

Үшбиік ауылдық округінің Енрекей қонысы шекаралары өзгертиле отырып, Үшбиік ауылдық округінің Үшбиік ауылының құрамына;

Белтерек ауылдық округінің Карапшы қонысы шекаралары өзгертиле отырып, Белтерек ауылдық округінің Белтерек ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы бірлескен шешім және қаулы олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі

З. Камасова

Д. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК